

Жеке күзет ұйымдарының қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталығын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 шілдедегі N 700 қаулысы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 (2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.05.2016 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторындағы қауіпсіздіктің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1240 қаулысына:

2-тармақ алынып тасталсын;

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 16 шілдедегі
N 700 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
10-1-қосымша

**Жеке күзетшілерді, жеке күзет ұйымында,
жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың
күзет бөлімшесінде, мемлекеттік органдардың
ведомстволық күзет бөлімшесінде күзетші лауазымындағы
қызметкерлерді даярлауды және қайта даярлауды жүзеге
асыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары
(арнайы оқыту курсы) үшін белгіленген қару**

**мен оның патрондарының түрлері, үлгілері,
модельдері, саны**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК